

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**МЕКТЕПАЛДЫ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА  
ШАХМАТ ОЙЫНЫН ҮЙРЕТУ**

---

**Әдістемелік нұсқаулық**

**АСТАНА  
2013  
0**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕПАЛДЫ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА  
ШАХМАТ ОЙЫНЫН ҮЙРЕТУ

---

Әдістемелік нұсқаулық

АСТАНА  
2013  
1

**Пікір жазғандар:**

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент *А.Ж. Салиева*  
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент *А.И. Омарбекова*

**Мектепалды жастағы балаларға шахмат ойынын үйрету: әдістемелік нұсқаулық.** – Астана, 2013. – 30 б.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулықта мектепалды жастағы балаларға шахмат ойынын үйретудің бағдарламалық материалының мазмұны анықталып, мектепке дейінгі ұйымдардың ересек топтарында оқытуды ұйымдастырудың әдістемелік ұсыныстары берілген.

Үлгі жұмыс жоспарында мектепалды жастағы балаларға шахмат ойынын үйретудің әдіс-тәсілдері ұсынылды. Шахмат ойынына үйретуді ұйымдастыру үшін қосымша әдебиеттер тізімі берілген. Ұсыным мектепке дейінгі ұйым педагогтарына және шахмат ойындарын балаларына үйретуді мақсат еткен ата-аналарға арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы, 2013

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Жалпы білім берудің заманауи тұжырымдамасы баланың жеке тұлғалық дамуын, оның шығармашылық қабілеттіліктерін қалыптастыруды, жеке қасиеттерін тәрбиелеу идеяларын жоғары қоюда. Осының барлығы шахмат ойындарын үйретуде белгілі бір дәрежеде қалыптасады.

Егер осы уақытқа дейін ғалымдардың басты назары мектеп жасындағылардың қабілеттіліктері мен әрбір қажетті білімді және шеберлікті қалай меңгеруінде болса, ал енді жағдай түбегейлі түрде өзгерді. Қазіргі заман талабына сай, мұнда "ақпараттық үрдіс" айтарлықтай мәнге ие болды. Бұл бірінші кезекте бұқаралық ақпарат құралдарымен, танымал әлем арналарында күні бойы берілетін балалардың ақыл-ойына әсер ететін түрлі бағдарламалармен байланысты. Қазіргі күрделі әлемді түсіну үшін бүгінде басым көпшілігі 3-4 жастағы балаларды жан-жақты интеллектуалды дамытуды қолға алуда.

Н.Ә Назарбаев өзінің 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан - 2050»: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында атап көрсеткен: *«бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек...»* нұсқауы мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа бағыт береді.

Мектепке дейінгі балалық шақ - адам өмірінің кішкене бір бөлігі. Бірақ осы уақыт ішінде бала айтарлықтай мәлімет алып шығады. Кішкентай балалардың мүмкіндіктері зор және бұрын тек ересек жастағы балаларға ғана тиесілі деп саналған арнайы ұйымдастырылған оқытумен мектепке дейінгі балалардың білімдері мен икемділіктерін қалыптастыруға болады.

Мектеп табалдырығын аттағалы тұрған балалар үшін көптеген қиыншылықтар кездеседі. Мектептің алғашқы күнінен бастап-ақ бірінші сынып оқушысы мектептің тәртібіне, талаптарына бағынып оған жауапкершілікпен қарауға міндетті және еріктік сапаларын дамытып, оны оқу тапсырмаларына бағындыра отырып сабақта өзін дұрыс ұстау керек, онсыз өзінің тәртібін саналы түрде реттей алмайды. Тек сыртқы тәртібі ғана емес, сонымен бірге баланың ой әрекеті, оның зейіні, есі, есте сақтауы, байқағыштығы, ойлауы өз еркімен меңгерілуі тиіс. Балаға мұғалімнің берген тапсырмасының қорытындысына жете білуі қажет. Және тағы да түсінік жүйесін дәйекті түрде меңгеру керек, ал ол үшін логикалық ойлаудың дерексіз дамуы талап етіледі. Оның үстіне бастауыш сыныпта кездесетін қиындықтардың көпшілігін мектепке дейінгі жастың соңында білім көлемі және дағдылары жеткіліксіз балалар емес, тапсырманы шешуде интеллектуалды әрекетсіздікті көрсететін,

ынта-ықыласы жоқ балалар көруде. Ал бұл ерте жастан қалыптасады.

Шахмат – бұл тек ойын емес, балаларға көп қуаныш, ләззат сыйлайтын, ой санасының жетілуіне өте пайдалы құрал. Шахмат ойынын оқытудың бастапқы даму үдерісі балалардың даму қабілеттіліктеріне деген кеңістікті қалыптастыру (бұл мектеп үшін аса маңызды), аналитикалық-синтездік қызметті, бағдарлау зейінін, ой-пікір қорытындысын қалыптастырып, баланы есінде сақтауға, салыстыруға, жинақтауға, өз қызметінің нәтижесін алдын ала болжауға, қажымаушылық, зейінділік, шыдамдылық, дербестік, икемділік, жинақылық, тапқырлық және т.б сияқты бағалы қасиеттерді қалыптастыруға үйретеді және көмектеседі. Балалардың шығармашылық элементтерін енгізу үшін, олардың қазіргі шығармашылық білімінің даму деңгейін әзірлеп, өз білімін меңгеру керек. «Мектепке дейінгі» қызмет түрлерінің құрылуы мектепке дейінгі балаларға тән қажетті және қызықты болуы тиіс, ал бұл сабақты қолдануда балаларды қызықтыратындай мәнді болуға міндетті. Нақты әрекет – балалармен қоршаған әлемді тану әдісі. Егер біз баланың бірдеңені байыпты меңгергенін қалайтын болсақ, онда біз баланың өзінің қызметін іске асыруымыз керек. 3-жастан бастап ойын әрекеті жүргізілетін болады, бұл біздің мақсатымыз үшін маңызды. Алайда, мектепке дейінгі жастағы балалармен шахматтық сабақтар өткізудің тұтас әдістемесі Ресейде де, басқа да шет елдерде жоқ екендігін ескерген жөн.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулықтың мазмұнында берілген материалдар мектеп жасына дейінгілердің бастапқы көне ойындарына 5-6 жастағы балаларды қатыстыру көрсетілген. Мақсаты – балдырғандардың даналық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру, баланы зеріктірмейтін, өзі реттей алатындай пішіндерді салыстыруға көмектесу, мектепте жақсы оқуы үшін, баланың мектепке психологиялық дайындығын қалыптастыру керек.

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### Әдістемелік құралды заңнамалық-нормативтік қамтамасыз ету

Бұл әдістемелік құралдың құқықтық негізі Бала құқығы декларациясы мен Бала құқығы туралы конвенция, ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы» заңы болып табылады.

Әдістемелік құралдың мазмұны «Зерек бала» (3 жастан 5 жасқа дейінгі) және «Біз мектепке барамыз» (5 жастан 6 жасқа дейінгі) бағдарламаларына сәйкес құрылған.

**Мақсаты:** балалардың интеллектуалдық ойлауы мен танымдық қасиеттерін дамыту мақсатында 5-6 жасар балаларға шахмат ойынының теориясы мен тәжірбиесі негіздерін оқытуда әдіскерлер мен педагогтарға көмек көрсету.

### Міндеттері:

1. Шахмат ойынының теориясы мен тәжірбиесі негіздеріне және оны 5-6 жастағы балаларға үйретуге мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұйымдардың тәрбиешілері мен әдіскерлерін қысқа мерзімде оқыту.

2. 5-6 жастағы балаларды шахмат ойынының теориясы мен тәжірбиесі негіздерін оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

### Бағдарламалық мазмұнның құрылымдық және жүзеге асырылу принциптері

Мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесіне және баланы мектепте оқуға даярлауға қойылатын артып келе жатқан талаптар өмірімізге мектепке дейінгі білім берудің вариативтілігі, білім беру бағдарламаларының мазмұндарын жанарту қағидаларының енуіне әкеп соқты.

Балабақшада берілетін тәрбие мен білім беру жүйесінің өзі, қойылған тапсырманы толық меңгере алмай жатыр. Дәл осы жерде, сиқырлы таяқша сияқты, балаларды мектепке даярлау үшін арнайы жасап шығарылған шахмат көмекке келе алады. Себебі, ойын әрекеті ерікті психикалық үрдістердің қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді ғой, ойын барысында балалардың еркін зейіні мен еркін еске сақтау қабілеті дамиды. Ойын жағдайында, зертханалық тәжірибе жағдайына қарағанда, балалар өте жақсы ынта қояды және еске сақтайды. Шахмат ойыны көп жағдайда баланың көз алдына елестету арқылы ойлауына мүмкіндік туғызады. Ойын тәжірибесі басқа адамдардың көзқарасын тануға, олардың істемек әрекеттерінің алдын алуға және осы негізде өзінің жеке қылығын құруға мүмкіндік туғызатын ойлаудың ерекше қасиетінің негізін құрайды.

Ойын баланың өз ықтиярымен ерікті әрекет жасауына көмектеседі, оның сезімін, рухани қасиеттерін ұйымдастырады.

Бұл әдістемелік құрал келесі негіз болатын принциптерден құралады.

- **Интегративті тұтастық принципі.** Балалардың түрлі сабақ және іс-әрекет түрлері шоғырланады (сурет, тіл дамыту, математикалық түсінік, театрландыру);

- **Ынтымақтастық принципі.** Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы жағдайында тәрбиелеу мен оқытуға деген жолдардың координациясы ата-аналардың бала тобының өміріне кеңінен қатысуын және олардың жас ерекшелігіне тән психофизиологиялық ерекшеліктерімен табысты танысуын қамтамасыз етеді;

- **Вариативтілік принципі.** Бір мазмұн аясындағы тапсырмалардың вариативтілігі баланың шамасына қарай қабылдауына, оның қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес шығармашылығын көрсетуіне мүмкіндік береді;

- **Жаңалық принципі.** Оқыту бағдарламасын вариативтілік бөлікке қосу мүмкіндігі;

- **Шығармашылық принципі.** Педагогты әр баланың шығармашылық әрекет тәжірибесін алуға бағыттайды.

- **Психологиялық жайлылық принципі.** Оқу үрдісін эмоционалды жайлы жағдаймен қамтамасыз ететін ерекше пәндік-дамыту ортасын құру;

## Құрылымы

1. Түсінік хат

2. Негізгі бөлім:

1) Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері мен әдіскерлерін шахмат ойынының теориясы мен практикасының негіздеріне даярлауға арналған әдістемелік ұсыныстар.

2) 5-6 жастағы балаларды шахмат ойынының теориясы мен практикасына үйретуге арналған әдістемелік ұсыныстар (I жыл оқыту).

3) Қосымшалар

5-6 жастағы балалармен шахмат турнирлері мен қорытынды сабақтар ұйымдастыру және жүргізу.

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ТӘРБИЕШІЛЕРІ МЕН ӘДІСКЕРЛЕРІН ШАХМАТ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІНЕ ДАЯРЛАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Шахмат – бұл танымал ойын, қара тастардың ақ тастарға қарсы ойыны. Шахматтың негізгі ережелерінің қысқаша сипаттамасы.

Негізгі материалдан бастайық. Әр ойыншыда бір түсті 16 фигура болады. Фигуралар, кезекті реттілікпен қара және ақ түсті 64 шаршыға бөлінген ойын өрісіне (шахмат тақтасына) орналастырылады. Шахмат ережелерінің бізге бірінші кезекте айтатыны - бұл торлардың орналасуы: қара шаршы төменгі сол жақ бұрышта болуы қажет.

**Шахмат фигураларының жиынтығы 32 фигурадан тұрады-16 қара және 16 ақ. Шахмат ойынын екі адам ойнайды, олардың әрқайсысы фигуралардың алты түрін алады:**

 /  — бір корольді

 /  — бір ферзьді

 /  — екі ладьяны

 /  — екі пілді

 /  — екі атты

 /  — сегіз пешканы

Шахмат тақтасындағы әр фигура өзінше жүреді. Сондықтан сіз бірінші кезекте, егер шахмат ойнағыңыз келсе, шахмат фигураларының дұрыс атауын жаттауыңыз керек, олардың тақтада орналасуын және фигуралардың жүру ережелерін еске сақтауыңыз қажет.

Осыдан кейін теорияны оқуды жалғастыра беруіңізге болады. Сізді алда ойын ережесін жаттау, арнайы жүрістер туралы (орналастыру және жолда алу), ойындағы ықтимал жағдайлар туралы (шах, мат және пат), шахмат партиясының кезеңдері (дебют, миттельшпиль, эндшпиль) және шахмат ойынының басқа қыр-сырлары туралы білу күтіп тұр.

Сонымен, ойын басталды. Шахматта қалай түрлі фигуралармен жүруге болады? Бірінші ақтар жүреді (ақ түсті таңдап алған ойыншы).

Ойыншылар кезектесіп жүреді, (*шахмат ережелері* ерекше жағдайлардың бар екендігін айтады, бірақ бұл туралы кейінірек). Жүріс ойыншының фигурасының басқа өріске орын ауыстыруынан тұрады. Осы жерде біз көптеген тарауларға кездесеміз.

Бір де бір фигура осындай түсті фигураның позициясы алып қойған орынға жылжымауы тиіс. Егер бұл қарсыластың фигурасы болса, онда ол алынып

тасталынады (мұны «жеу» деп атайды). Ал енді өз түріндегі фигура қалай жүре алатынына толық тоқтала кетейік.

1. Піл өзі тұрған кез-келген өріске диагональ бойынша жүре алады.

2. Ладья өзі тұрған кез-келген өріске тігінен де, көлденеңінен де жүре алады.

3. Ферзь өзі тұрған кез-келген өріске тігінен, көлденеңінен немесе диагональ бойынша жүре алады.

4. Бұл жүрістер жасалған кезде ферзь, ладья немесе піл басқа фигура тұрған өріс арқылы жылжи алмайды.

5. Ат жақын тұрған өрістердің біріне өзі тұрған жерден жақын өрістердің біріне жүре алады, алайда тігінен, көлденеңінен немесе диагональ емес, тұрған жерінен «Г» әріпі сияқты жүріспен жүреді.

6. Пешка алдыға қарай бос өріске, тікелей өзінің алдында тігінен орналасқан өріске жүре алады немесе негізгі позициясынан тұрған орнынан тігінен екі өріске, егер олар бос болса, жүре алады. Немесе, пешка, диагональ бойынша іргелес тік өрісде ойынсерігінің фигурасы тұрған өріске, бірден сол фигураны алып тастап жүре алады. Шахмат ережелері, өріске шабуыл жасайтын, оны бастапқы позициясынан бірден екі өріске жылжытқан серігінің пешкаымен қиылысқан пешка осы жылжыған пешкаты, оның соңғы жүрісі тек бір ғана өріске жүретіндей болғандай, алып тастай (жей) алады. Бұл «жеу» тек кезекті жүрісте бола алады және «өтетін жерде» «жеу» деп аталады. Пешка өзінің негізгі позициясынан ең ұзақтағы көлденеңге жеткенде, ол өз түсіндегі ферзьге, ладьяға, пілге немесе атқа ауыстырыла алады, бұл осы ойын жүрісінің бөлігі болып табылады. Ойыншының таңдауы тақтадан алынып тасталған фигуралармен шектелмейді. Пешканың басқа тасқа бұлай ауыстырылуы «ауысу немесе айналу» деп аталады және жаңа фигураның әрекеті бірден басталып кетеді.

7. Король екі түрлі жолмен жүре алады. Біріншіден, серіктесінің бір немесе одан да көп фигурасымен шабуыл жасалмаған кез-келген шектесіп жатқан өріске жүре алады. Серіктестің фигурасы тіпті олар жүре алмаған кезде де өріске шабуыл жасап тұрады деп есептеледі. Сондай-ақ, «орын ауыстыра отырып». Корольдің және осы түсті ладьялардың бірінің шеткі көлденең бойынша орын ауыстыруы корольдің бір жүрісі деп саналады және былай орындалады: король бастапқы орнынан екі өріске ладьяға қарай жүреді, содан кейін ладья король арқылы, жаңа ғана король қиып кеткен соңғы өріске орын ауыстырады- шахмат ойынының ережелері осындай. Сол жақ жоғары жақта – ақтардың король қапталына орын ауыстырар және қаралардың ферзь қапталына орын ауыстырар алдындағы орыналасуы. Оң жақ жоғарыда-ақтардың король

қапталына орын ауысқаннан кейінгі және қаралардың ферзь қапталына орын ауыстырғаннан кейінгі орналасуы. Сол жақ төменде - ақтардың ферзь қапталына орын ауыстырар және қаралардың король қапталына орын ауыстырар алдындағы орналасуы. Оң жақ төменде- ақтардың ферзь қапталына орын ауысқаннан кейінгі және қаралардың король қапталына орын ауыстырғаннан кейінгі орналасуы. Осыған дейін жүрген корольдің осыған дейін жүрген ладьямен орын ауыстыру мүмкін емес. Уақытша орын ауыстыру мүмкін емес: егер король тұрған өріс, немесе ол қиып өтуі керек өріс, немесе ол орналасуы міндетті өріс серіктесінің бір фигурасымен шабуыл жасалған болса: егер орын ауыстыру керек болған король мен ладьяның арасында қандай да бір орын ауыстыруға кедергі фигура тұрса. Егер серіктесінің жоқ дегенде бір фигурасымен шабуыл жасалған король, егер тіпті ол фигуралар қозғала алмаса да, «шахтың астында» деп есептеледі. Шахты хабарлау міндетті емес. Шахмат ережелері белгілегендей, өз королін шахтың астына қойған немесе тастаған бір де бір фигура жүре алмайтынын ескерген жөн. Ойынның шарты қарапайым. Мат деп аталатын жағдай туғызу қажет. Мат – серіктестің жүрісінен кейін корольге оның фигурасымен шабуыл жасалып, сонымен қатар ойыншы өз жүрісімен шахтан қорғана алмайтын жағдай. Шах – қарсыластың жүрісінен кейін король оның фигурасымен шабуылға ұшыраған жағдай. Сондай-ақ пат болуы да мүмкін, король шахтың астында емес, алайда ойыншының кез келген әрекеті матқа әкеп соғатын жағдай. Әдетте корольдан басқа фигура қалмаған кезде, ал қарсылас оны *мат* қоя алмаған кезде (маңызды фигуралар жоқ болған кезде) *пат* болады.

## **5-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ШАХМАТ ОЙНАУ ПРАКТИКАСЫ МЕН ТЕОРИЯСЫНА ҮЙРЕТУ МЕН ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАРЫ**

Бұл дана ойынға үйретуді неғұрлым ерте бастаған жөн, әрине, тек балаға түсінікті болатындай деңгейде. Л. Выготский үйрету дамудың алдында бір қадам ілгері жүріп, оны өзімен бірге жетелей жүру қажеттігін атап көрсеткен. Сонымен, кішкене адамды ең төменгі жастың қайсысынан бастап ағаш корольдердің ойынына баулу қажет?

3 - 3,5 жас – балалардың көрнекі-қимыл-әрекетті ойлау қабілетімен қатар бейнелеп ойлау элементтері қалыптасады, зейін мен есте сақтау қабілеті дамиды. Балалар үлкендердің сөзін көрнекілік сүйемелдеусіз де түсінеді, салыстыруды, заттарды түсі және көлемі бойынша таңдауды үйренеді. Шахмат ойынының негізін үйрену мақсаты үшін, үш жастан асқан балғындар асықпай сөйлейді, сұрақтарға анық жауап бере алады, көргендері туралы 2-4 сөйлем арқылы әңгімелейді, көрнекілік сүйемелдеусіз де кішігірім сюжетті ертегілерді қабылдай алады, қарындашты дұрыс ұстап, қолдана алады, көлденең, тік, дөңгелек сызықтарды жүргізе біледі. Ал балалардың 3,5-жасында кеңістікте бағдарлауы жетіледі, құбылыстар мен қабылданатын заттардың арасындағы қарапайым байланыстарды қалаптастыру қабілеттері дамиды, балалар қарапайым жалпылауға үйренеді. Олар жекеленген заттарды топтастыруға қабілетті, «қанша?» деген сұрақты түсіне алады, екі топтағы заттарды салыстыра алады, теңдік пен теңсіздікті анықтайды, екі затты көлемі бойынша салыстырады (ұзын-қысқа, биік-аласа, үлкен-кіші), сол және оң қолын ажыратуды, өзінен кейінгі кеңістік бағдарын үйренеді: оң жақ (оңға), сол жақ (солға), алдында (алға), артында (артқа), жоғары, төмен.

Барлық осы білімдер мен қабілеттер – шахмат ойынына үйретудің бастапқы әрекеті болып табылады. Бар мәселе оны барынша көрнекті, түсінікті, пәнді, әсерлі, қызықты және қызығушылық тудыратындай қылып жасау қажет. Әрине, шахмат ойнауды білу кішкентай «теоретиктерге» өзінің логикалық қабілетін сомдауға көмектеседі, ал «арманшылдарға» қажетті үйлесімдікті береді.

Ерте мектепке дейінгі жастан бастап шахмат ойнауды үйрету қалыптасқан пікірге қарағанда көптеген көзқарастар бойынша маңызды жағы басым болып келеді. Ол балалардың интеллектуалды деңгейін арттыруға, ауылды аймақтарда тұратын миллиондаған балаларға психологиялық даму тұрғысынан артта қалмауына көмектеседі.

## ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

(ересек топ)

Оқудың алғашқы жылы  
аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат

№ р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Сабақ саны
1	Ойынмен танысу	Балаларды шахматтың басталу тарихымен таныстыру	2
2	Шахмат тақтасымен танысу	Балаларды шахмат тақтасымен таныстыру. Ойын алдында балаларды шахмат тақтасына жайғасып отыруға үйрету. Тігінен, көлденеңінен, қиғашынан таныстыру. Шахмат өрісындағы әр торкөздің атын есте сақтауды үйрету. Балаға көрсетіңіз- шахмат тақтасынан ортасынан орталығын, төрт өрісді.	4
3	Шахмет фигурасымен танысу	Шахмат фигураларымен таныстыру. Бір фигураны екінші фигурадан ажырату, формасын және түсін, фигуранын атауын білуге үйрету.	4
4	Шахмат тақтасына фигураларды орналастыру	Балаларды фигураның тақтада дұрыс орналасуымен таныстыру. Фигураларды өздері орналастыруға үйрету.	4
5	Фигуралардың жүрісімен таныстыру	Балаларды фигура жүрісімен таныстыру. Балаларды өз бетінше фигура жүрісін көрсете алуға және жүрістің дұрыстығын түсіндіре алуға үйрету. «Пешка»	4
6		Балаларды фигура жүрісімен таныстыру. Балаларды өз бетінше фигура жүрісін көрсете алуға және жүрістің дұрыстығын түсіндіре алуға үйрету. «Піл»	2
7		«Пешка» мен «Пілді» ойында қолдану әдісі.	6
8		Балаларды фигура жүрісімен таныстыру. Балаларды өз бетінше фигура жүрісін көрсете алуға және жүрістің дұрыстығын түсіндіре алуға үйрету. «Ладья»	4
9		«Пешка», «Піл» мен «Ладьяны» ойында қолдану әдісі.	6
10		Балаларды фигура жүрісімен	4

		Таныстыру. Балаларды өз бетінше 2 фигура жүрісін көрсете алуға және жүрістің дұрыстығын түсіндіре алуға үйрету. «Король»	
11		Балаларды фигура жүрісімен таныстыру. Балаларды өз бетінше фигура жүрісін көрсете алуға және жүрістің дұрыстығын түсіндіре алуға үйрету. «Ферзь»	4
12		Балаларды фигура жүрісімен таныстыру. Балаларды өз бетінше фигура жүрісін көрсете алуға және жүрістің дұрыстығын түсіндіре алуға үйрету. «Ат»	2
13	<b>Ойын ережесімен таныстыру</b>	Балаларды ойын ережесімен таныстыру. Король мен ладьяны бірдей ауыстырып қою шах мат	20
14	<b>Жаңа сөздермен таныстыру</b>	Дебют, миттельшпиль, эндшпиль түсініктерімен таныстыру	2
	<b>Барлығы</b>		<b>68</b>

### КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

#### Оқудың алғашқы жылы

Сабак	Сабак тапсырмасы	Дидактикалық материалдар
1	Ойынмен танысу	Шахмат тарихының басталуы <b>«Шах және шахмат туралы ертегі»</b>
2	Жаңа зат - шахматпен танысу	<b>Әңгімелесу-тест</b> 1 Сіз қандай ойындарды ойнайсыз? 2 Сіз қандай елдерді білесіз? Оларды қызықтыруға, тест сізге балалармен ортақ тіл табысуға көмектеседі.
3	Шахмат тақтасымен танысу	<b>«Таңқаларлық торлар»</b> – екі түрлі-түсті шаршыларды пайдаланып, шахмат тақтасының бөлігін құру.
4		– асфальт жолында бормен шахмат тақтасының бөлігін сызу.
5		–торкөзді дәптердің бетін шахмат тақтасындай бояу – шахмат тақтасын дұрыс қою

6	Шахмат тақтасы туралы мәлімет беру	<p>Шахмат тақтасында солдан оңға қарай жүретін сегіз қатар бар. Олар – көлденеңдер деп аталады.</p> <p>Шахмат тақтасындағы төменнен жоғары жүретін баған торлары – тік баған торлары деп аталады.</p> <p>Бір түсті жолдан өтетін тақтаның көлденең сызықтары – диагональдар деп аталады. Шахмат көлденеңдері қара және ақ түсті болады.</p> <p>Бір бұрыштан екінші бұрышқа дейін жүргізілген көлденеңдер – үлкен көлденеңдер деп аталады.</p> <p>Көлденеңдерде көршілес торлар бүйір жақтарымен (сол жақ және оң жақ), тік бағандарда төменгі және жоғарғы бөліктерімен, ал диагональдарда қарама-қарсы бұрыштарымен байланысады.</p>
7	Шахмат фигурасымен танысу	Шахмат фигураларымен танысу үшін төмендегі дидактикалық ойын-тапсырмаларды өткізуді ұсынамыз: <b>«Ғажайып дорба», «Шахматты үйшік».</b>
8	Король, ферзь, піл, ат, ладья, пешка.	<b>«Шахматты бауырсақ», «Шахматты шалқан», «Тығылмақ».</b>
9		<b>«Тыйым салынған фигура», «Ойлан тап», «Пирамида».</b>
10		<b>«Қуаласпақ», «Мектеп», «Қонақ бөлме».</b>
11	Балаларды шахмат тақтасында фигуралардың орналасуымен таныстыру	Топтық жұмыстарды өткізуде өткізуге ұсынылатын ойын-тапсырмалар: <b>«Кім жылдам?», «Орындықта», «Жоғарғы жақта»</b>
12		<b>«Қатар», «Ақ және қара», «Ұқсастығын тап?»,</b>
13		<b>«Үлкен және кішкентай», «Жабық фигура», «Ғажайып дорба»,</b>
14		<b>«Шахматты үйшік», «Шахматты бауырсақ», «Шахматты шалқан».</b>
15	Балаларды пешкалардың жүрісітерімен таныстыру. Балаларды өз бетінше фигуралардың жүрістерін көрсетуге және	<b>Ереже 1.</b> (пешка қалай жүреді) Кішкентай пешкалар тек былай ғана жүреді: 1 тігінен 2 алға,

	жүрістің ережесін түсіндіруге үйрету.	<p>3 бір шақпаққа.</p> <p><b>Ереже 2.</b> (бірінші жүріс) Егер пешкалар жүрмей 2 (7-ші) көлденеңде тұрса, онда өздерінің бірінші жүрістерін бір шақпаққа да, екі шақпаққа да жасай алады. (бір шақпақ аттап)</p> <p><b>Ереже 3.</b> (алу ережесі) Пешкалар алға қисығынан диагональ бойынша тек бір шақпаққа ғана тұрады.</p>
16		Пешканың практикалық қиыстыру жүрістерін анықтау.
17		<b>Ереже 4.</b> (пешканың өзгеруі) Пешка көлденеңнің соңына дейін жетсе, ол сол түсті, корольдан басқа, кез келген фигураға өзгере алады.
18		Пешканың практикалық қиыстыру әрекетінің өзгеруіне айналуы.
19	<p>Балаларды пілдің жүрісімен таныстыру.</p> <p>Балаларды фигураның жүрісін өз бетімен көрсетуге және жүру ережесін түсіндіруге үйрету.</p> <p>Шахматты пілмен қалай жүру керек және қалай жеу керек.</p>	<p>Піл дейбыдағы би секілді жүреді: көлденеңнен қиғашы бойынша қанша шақпаң жүргісі келсе, сонша жүре алады.</p> <p>Шахмат партиясының басындағы секілді, ақ және қара пілдерді орналастыру. Бірден дейбы биінен басты айырмашылықты байқауға болады – ақ шақпақтармен жүретін пілдер бар. Билер тек қара шақпақтармен жүреді. Ақпен жүретін пілдерді - белопольный , ал қарамен жүретін пілдерді - қараланған деп атайды. Пілдер қиғашынан жүреді. Піл сызықты фигура болып саналады. Алғашқы жүрістерді балалармен бірге жасаған дұрыс.</p>
20		<p>Қызықты лабиринт бойынша пілмен серуен. Тақтаға ақ пілді h1 және қара пілді h 7-ге қояйық.</p> <p>Фигуралар арасында кедергілер мен бөгеулер қояйық (жеуге болмайтын қара пешкалар.) Ақ піл қара пілге қонаққа бармақшы, бірақ пілдің жолында көп кедергілер бар. Ал жол біреу ғана.</p> <p>Жолды міндетті түрде табу керек. Содан қара піл ақ пілге қарай жүреді.</p>

21-26	<p>Пешкалар мен пілдер пайдаланылған қиылыс ойындары. Балаларды бір пешканы қарама-қарсы көлденеңге дейін жеткізуге үйрету.</p>	
27	<p>Балаларды фигуралардың жүрістерімен таныстыру. Балаларды өз бетімен фигураның жүрісін көрсетуге және жүрістің жүру ережесін түсіндіруге үйрету. «Ладья»</p>	<p>Ладьяны алып, шахматтық өрісдағы кез келген шақпаққа қою. Ладья мұнараға ұқсайды, бірақ ол өте жылжымалы болып келеді. Ладья түзу сызықтармен алға және артқа, оңға және солға қанша шақпақ жүргісі келсе сонша жүреді. Қалаған кезде тоқтай алады. Ладья түзу сызықтармен жүреді: көлденеңнен және түзу. Ладья сызықты фигура.</p>
28	<p>Д/о «Ладья тақтай үстінде жүріп келеді». Үнемі бағытын өзгертіп, ладьямен жүзейік. Д/о «Өнім жинау» тақтада қара түсті бірнеше пешка мен фигураларды орналастырып, оларды ақ ладьямен кезек кезек жою. Әр пешканы жоюға екі жүрістен артық қолданбау.</p>	
29	<p>Ереже. Ладья өз фигурасының үстінен немесе өзге фигуралардың үстінен секіре алмайды.</p>	
30	<p>Бекітуге арналған тапсырмалар: 1. Тақтаға бір түсті бірнеше фигура және басқа түсті өз ладьяны қою. 2. Ладьямен қозғалу арқылы барлық пешкалар мен фигураларды жеп көріңіз. 3. Дәл осы тапсырманы ладьяның әр жүрісін атай отыра орандау.</p>	
31 - 36	<p>Пешкаларды, пілдерді және ладьяны пайдалануымен жүрізілетін қиылыс ойындары. Балаларды бір пешканы қарама-қарсы көлденеңге дейін жеткізуге үйрету.</p>	
37	<p>Балаларды фигуралардың жүрістерімен таныстыру. Балаларды өз бетімен фигураның жүрісін көрсетуге және жүрістің жүру ережесін түсіндіруге үйрету. «Король»</p>	<p>Король өзінде ладья мен пілдің жүрістерін біріктіреді. Сондықтан түзу және көлденеңнен қозғала алады (түзу, қиғаш және көлденеңнен). Король ертегілер корольларына өте ұқсайды, өте жалқау. Ол барлық жақтарға тек бір ғана шақпақ жүреді. Король – басты фигура.</p>

38		<p>Шахмат тақтасында корольмен бірге саяхат. Барлық пешкалар мен фигураларды жеп тастау, бірақ саяхат кезінде корольдің қарсылас фигуралардың соққысына қалмауға тырысыңдар.</p> <p>Ақ ферзьге қонаққа бару.</p>
43		<p>Ойын «<b>Нұсқағыш жолбарыста</b>».</p> <p>Ферзь ладья сияқты жабуылда қанша соққы бере алады? Төрт. Түзу бойынша – астына, үстіне, ал көлденен бойынша– оңға және солға. Піл ретінде қанша шабуыл жасай алады, - жоғарғыға екі, қиғаш бойынмен және астына екеу. Ферзь атыстары тақтайдын шетіне жабысып қалады. Барлық бағыттарды ұмытпау үшін, ферзьге барлық тараптан мұрттар салыңыз. Әр атысты пешкамен белгілеп отырыңыз. Атыстарды санаңыз. Егерде ферзьде е4 сегіз болса? Онда жарайсың! Егер одан аз сағаттар болса ұтыласыз.</p>
44		<p>«Сағат» ойыны 12 сағаттан бастаңыз. Жаңа жыл келе жатыр. Сағат тілі бойымен әрі қарай жылжимыз.</p> <p>"Метрода сапар" шахматты тақтада төрт сызық болады, ақ ферзь сонын бойымен жүре алады. Қара ферзьге қонаққа бару үшін бір көшеттеуді қайда жасау керек? Ол қанша көшеттеулер жасай алады?</p>
45		<p>Алынған білімді бекіту.</p> <p>«Король» мен ферзьдың ойыны. «<b>Жеміс-жидек терімі</b>»</p>
46	<p>Балаларды фигуралардың жүрістерімен таныстыру.</p> <p>Балаларды өз бетімен фигураның жүрісін көрсетуге және жүрістің жүру ережесін түсіндіруге үйрету.</p> <p>«Ат»</p>	<p>Ат «Г» әріпі тәріздес жүреді (тура жүреміз,қырына жүреміз)</p> <p>Гүл ойыны: гүлше-пешкілерді аттың маңайына тіземіз. Бірінші пешкіні бір-екі санап шет жаққа бірге қоямыз. Қалған пешкілерді балалар өздері орналастырады. Гүл өте әдемі, балаларға тартымды. Олар пешкіні аттың маңайына өздері зор ынтамен өздері қояды. Тақтайшаның шетіне неғұрлым таяған сайын, гүлдердің саны азаяды.</p>
47		<p>Атқа арналған жаттығу: Атпен тақтайшаның шетіне өту, алғашқы екі тапсырманы балалармен бірге орындау керек. Үшінші және төртіншіні өздері орындайды.</p>

		<p>Аттың жүру ерекшеліктері. Жүрісте ол өз өрісін өзгертеді. Ақта тұрып қараға өтеді. Ат жолында тұрған жау фигураларына мән берместен пешкілерді аттап өтеді.</p>
<p>48 - 58</p>	<p>Король мен ладьяны бірдей ауыстырып қоюмен таныстыру.</p> <p>Барлық ережелерде және шеберліктерде орын ауыстыруды реттеу.</p> <p>шахмат және пат.</p>	<p><b><i>Король мен ладьяны бірдей ауыстырып қою</i></b> – бұл арнайы патшылық қорғаныс, ол өз королін қорғау мақсатында жасалады.</p> <p>Шахмат фигураларын қойып, бірнеше алғашқы қадам жасау керек. Органы қармап, өзінің екі аты мен екі пілін ұрыс позициясына қою қажет. «Король» ең маңызды фигура, оған ортада тұру ыңғайсыз, өйткені аттар мен пілдер ары - бері өткенде үрей туғызады. «Корольді» қорғауымыз керек. Орын ауыстыру-король үшін ұрыстағы жүрісті бақылайтын ыңғайлы шахмат үйшігі құрылады.</p> <p>Орын ауыстыруды қалай жасайды? «Король» ладьяға бағыттас бір өріс арқылы жүреді (бір түсті өріспен), ладья «корольден» аттан өтеді де қасына тұрады.</p> <p>Орын ауыстыруға тиым салынады, егер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Король» жүріс жасаса;</li> <li>2. «Ладья» жүріс жасаса;</li> <li>3. «Король» мен ладья арасында бөлек фигура тұрса. Қарсыластың фигурасын ұруға және орын ауыстырып қоюға болмайды;</li> <li>4. Корольға шах;</li> <li>5. Ақ король орын ауыстырғаннан кейін - шахтың астында-қарсыластың фигурасының соққысының астында қалады;</li> <li>6. Соқтыққан өріс арқылы орын ауыстыруға болмайды. Король орын ауыстыру барысында, қарсыластың фигурасына шабуылап жатқан өріске орын ауыстыру керек.</li> </ol>
		<p>Шахматтық тақтада король басты фигура. Бірақ, оған ойынның соңына дейін өзінің фигураларымен жасырынуға немесе қашуға тура келеді. Корльсіз шахматтық әскер берілу керек! Үнді тілінен аударғанда шахқа-мат сөзі ханға өлім келді деген мағына береді. Мысалы, ладья Корольге шабуыл жасап «Мен сені жеймін!» деп айтады, ал</p>

		<p>шахмат бойынша ол «Шах» болады. Король болса өзін Ладья жеп қоймауы үшін не істеу керектігін ойланады.</p> <p>1.Король жай ғана шахтықтан кетуге болады.</p> <p>Расында бұдан кейін оның әмірлігіне деген құрмет жоғалады. Егер қашу керек болса, онда өз еркімен істеуге тура келеді.</p> <p>2.Король пілге өзін шахтан жасыруын (шабуылдаушы қара ладья мен корольдің арасында) бұйыра алады. Енді қара ладья пілге қарай жақындайды. Піл ақ корольдің қорғаушысы болды, бұл тәсіл-шабуылдан қорғану деп аталады.</p> <p>3.Қарсы фигураны жай ғана жеңуге болады. Әрине бұл шахтан құтылудың ең сенімді тәсілі. Ладья енді «шах» қоймайды.</p> <p>4.Шах – бұл кезкелген фигураның немесе пешканың корольге шабуыл жасауы. Шахтан бірде-бір шахмат королі жеңілмеген. Король де шахмат фигурасы, және ол қарсылас фигураны жеңіп өзінің қауіпсіздігіне қамқорлық жасай алады.</p>
65-66		<p><b>Пат</b> - сөзі бізге итальян тілінен енген. Ратта-тең ойын. Пат-бұл шахматтық партиядағы жағдай, барлық фигуралар жүру құқықтарынан айырылғандықтарынан жүруге құқылы жақтың оны қолдана алмауы. Король бұл кезде шахтан табылмайды. Қарсыласқа шах және матты қалай дұрыс қоюға және олардан қалай қашуға болатындығын ойланады. Барлық мүмкін позицияларды қарау керек.</p> <p><b>«Тақыр»</b> корольді ферзьбен және ладьямен айдату.</p>
66-68		<p>Шайқасты бастамас бұрын, қарсыластар өздерінің фигураларын шығарады. Ол 8-10 жүрістен болады. Партияның бұл кезеңі дебют деп аталады. Ол арадағы тартыстың одан әрі көптеген жүрісін анықтайды.</p> <p>Балаларға фигураларды жәй ғана механикалық шығару емес, оның мағынасын түсініп өзінің жүрісін жасауға үйрету керек. Әрбір жүрісті балаларға түсіндіре отырып,</p>

	<p>«Дебют», «миттельшпил», «эндшпиль» түсініктерімен танысу</p>	<p>алғашқы қадамды біріге жасаймыз. <i>Дебютті орындаудың 10 алғышарты:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Өз фигураңыздың жылдам қозғалуына ұмтылу;</li> <li>2.бір фигурамен бірнеше рет жүрмеу;</li> <li>3.фигурларды орналастыру тек олар бір-біріне кедергі келтірмесін;</li> <li>4. партия басталысымен өз ферзььяңызды шығармаңыз;</li> <li>5. әр жүрісті белгілеуді түсіну;</li> <li>6. қарсыласыңыздың фигурасының қозғалысын бақылаңыз;</li> <li>7.«пешкалықпен» қозғалысты тоқтатумен айналыспау;</li> <li>8. ортадағы өз фигураңызды бақылауда ұстаңыз</li> <li>9. өз корольңыздың қауіпсіздігін ойлаңыз;</li> <li>10. қарсыласқа «қакпан» құрмау.</li> </ol> <p>«миттельшпиль», ойынның ортасы; «эндшпиль». Ойын соңында, шахмат тақтасында бірнеше ғана фигура қалады.</p>
--	---	---

## Дидактикалық ойындар

**«Сикырлы дорба».** Бұл ойында дорбаға шахматты фигураны салып, балаға сипап сезу арқылы қандай фигура тұрғанын анықтасын. Ойын әсерлірек болу үшін балаға да фигураларды жасыруға рұқсат беріңіз, ал өзіңіз керісінше қандай фигура екенін анықтаңыз. Ойын барысында сіз қателескендей боласыз және бала қуанышпен қателескеніңізді көрсетеді. Ойынның басқа нұсқасында дорбаға фигураның бәрі салынады, және бала сипап сезу арқылы нақты бір фигураны іздейді.

**«Шахмат үйшігі».** Ағаш шахматты тақтадан үйшік жасаңыз. Ертегі сюжетіне байланысты алты түрлі ақ фигуралар кіреді: «пешкадан» – «корольға» дейін. Король үйшікке көтеріліп құлатуы керек ал басқа фигуралар үйшікті қайта салады.

**«Шахматты бауырсақ».** Дидактикалық ертегі инстинировка ойынын былай өткізуге болады: «ата» – король, «апа» – ферзь, «пешка»- қоян, «түлкі» – ат, «қасқыр»- піл, «аяу» - ладья, ал «бауырсақ» – шар. Бала барлық бауырсақ қашатын фигураларды атап шығуы керек. Бірақ бұл ертегінің аяғында түлкі бауырсақты жеп қоймайды. Бауырсақ одан қашып кетеді.

**«Шахматты шалқан».** Шалқанды отырғызыңыз. Оның айналасына бала ұзындығына қарай ақ және қара фигураларды тізіп қояды, түсіндіре келе: «ата» – король, «апа» – ферзь, «немересі» – піл, «Жучка күшігі» – ат, «мысық» – ладья, «тышқан» – пешка.

**«Үлкен және кішкентай».** Баланың алдына алты түрлі шахматты фигураны қойыңыз. Баладан ең ұзын фигураны табуын өтініңіз және оны шетке алып тастаңыз. Кейін бала қалған фигуралардың ішінен ең ұзынын ерекшелеп көрсетеді және т.б

**«Тыйым салынған фигура».** Баланың алдына шахматты фигураларды тізіп қойыңыз. Сіздің сұрауыңыз бойынша бала көрсетілген фигураларды атайды, тыйым салынған фигурадан басқаларын.Тыйым салынған фигураның орнына құпия деп айту керек. Кейіннен орындарыңызбен ауысыңыз және бала көрсетіп отырған фигураларды атай отыра кейде қателесіңіз. Егер бала сіздің қателескеніңізді байқамаса өзіңіз соған көрсетіңіз.

**«Не ортақ?».** Екі түрлі шахмат фигураларын алып, баладан оның несімен ұқсайтындығын? және айырмашылығын сұраңыз. (түсімен, формасымен)

**«Ақ және қара».** Үстелдің үстіне шашыраңқы түрде алты әр түрлі ақ және қара фигураларды қойыңыз. Дидактикалық ойынды бастап, шетке бір фигураны қойып, оның атын және түсін атаңыз. Мысалы: «Ақ ферзь». Бала ойынды жалғастыра отырып, басқа шахматты фигураны таңдап, оның атын және түсін айтуы керек. (ойынның талабы сондай)

**«Бастың үстінде».** Қандай да бір шахматты ойынды атаймыз. Оны тез тауып басынан жоғары көтеруі керек. Мысалы: **«Қара король».** Сіз келесі жаңа шахмат фигурасын елестетіңіз т.с.с

**«Ойлан тап».** Қандай да бір шахмат фигурасын жасырып, оны жұдырығында ұстаныз. Бала бұл қандай фигура екенін табу керек. Бала жасырған фигураны тауып алғаннан кейін фигураны ол өзі жаңа фигураны арқасында жасырады және т.с.с.

**«Аз үйме».** Барлық шахмат фигуралары үймеде жатады. Сіз көзіңізді жауып, қандай да бір фигураны алып, қолмен сипап көресіз. Таңдап алынған шахмат фигурасына сіз қате жауап бересіз. Көзіңізді ашып баладан сұрайсыз: Солай ма? Бала сізді түзейді. Содан рөлдеріңізбен ауысасыздар.

**«Мектеп».** Шахмат тақтасын торкөз жағымен төмен қаратып аударыңыз, тереңдетілген жағына шахмат фигураларын қойып балаға айтыңыз: бұлар сенің оқушыларың. Оның есімі қалай?... Ал мұның ше?...

**«Түс».** Балаға бір қатарға барлық ақ және барлық қара шахмат фигураларын қоюды сұраңыз. Бала тапсырманы орындап біткен соң рөлдеріңізден ауысыңыздар. Ақ фигураны орналастырғанда «қате ретінде» 1-2 қара шахмат фигурасын қойыңыз. Бала сіздің қателігіңізді байқап, оны көрсетуі керек.

**«Қатар».** Бала қатарға пешканы, атты, пілді, ладьяны, ферзьяны корольді қою керек. Содан бала сізден тапсырманы дұрыс орындалғанын тексеруді сұрайды.

**«Пирамида».** Балаға ақ ладьяға қараны содан қайта ақты содан қараны, ал ең үстіне ақ пешканы қоюға кеңес беріңіз. Баладан басқа фигуралардан пирамида құруға болмай ма деп сұраңыз.

**«Бойымен».** Бала бір түсті 6 шахмат фигурасын атын атап бойымен қою керек.

**«Қуаласпак».** Бір ақ фигураны таңдаңыз, мысалға, пешка, оны жүгіріп баратындай етіп үстелге қойыңыз. Содан бала қандайда бір қара фигураны таңдап сіздің фигураңызды қуалау керек. Сіздің шахмат фигураңыз «қашсын», бірақ баяу, баланың фигурасы оны қуып жетуі керек. Содан рөлдеріңізбен ауысыңыздар.

**«Тығылмаш».** Бөлмеге бірнеше шахмат фигурасын жасырыңыз. Бала оларды тауып, оларды атауы тиіс. Содан бала фигураларды жасырады. Бұл жағдайда сізде шахмат фигурасы толық емес болады.

**«Кім жылдам?».** Барлық шахмат фигураларын үстелге қояды. Балаға сізбен осындай ойында жарысуын ұсыныңыз. Белгіленген жерге 2-3 бірдей шахмат фигураларын кім жылдам жинайды.

**«Орындықтың үстінде»** Орындықтың үстінде қандай да бір шахматты фигураларды қойыңыз. Орындықтың екі шетіне баламен бірдей қашықтықта

тұрыңыз . Үшке дейін санап «үш» дегенде орындыққа қарай жүгіріңіз. Кім бірінші шахматты фигураны алады, сол оны атауы керек.

**«Дәл осындайды шегер»** Барлық шахматты фигураларды үстелдің үстіне қоямыз. Қорапқа бір фигураны салып тастаңыз. Баладан осы фигураның атауын сұраңыз және осыған ұқсас фигураны қорапқа салуын талап етіңіз.

**«Толы үйшік»** Үстелге толық шахматтық фигуралардың топтамасын қойыңыз. Қасындағы тордың төмен жағында ашық шахматты тақта жатыр (немесе фигураға арналған қорапша). Балаға бір шахматты фигураны ұсыныңыз және оның атын ататқызып, қорапшаға немесе шахматты тақтаға «ұйықтатуын» сұраңыз, сонымен қатар барлық шахматты фигуралар қорапшаға жиналмағанға дейін. Соңында бала қорапшаның бетін жабады. Соңғы екі ойын шахмат фигураларын қызықты жинау үшін арналған.

Жеке дара сабақты тиімді өткізу үшін келесі дидактикалық ойын тапсырмалары беріледі: «Алтын дорба», «Шахмат үйшігі», «Шахматты бауырсақ», «Шахматты шалқан», «Тыйым салынған фигура», «Ойлан тап», «Пирамида», «Жасырынбақ», «Қуаласпақ», «Мектеп», «Толы үйшік».

Топтық сабақты жүргізу үшін келесі ойын тапсырмалары беріледі: «Кім жылдам», «Орындықта», «Бастың үстінде», «Қатар», «Ақ және қатар», «Не ортақ», «Үлкен және кішкентай», «Тыйым салынған фигура», «Алтын дорба», «Шахмат үйшігі», «Шахматты бауырсақ», «Шахматты шалқан».

Әдетте 2-3 сабақта 15-25 минут жеткілікті, 3-6 жастағы барлық балалар шахмат фигураларын үйреніп алады.

## ТАҢҒАЖАЙЫП ТОРКӨЗДЕР

Дымбілмес Қарындашқа бізге шахмат тақтасын жасап берші, – деп өтінді.

Қарындаш ойланып жауап қатты:

– Есіме түсті! Торкөздері әртүрлі ашық және қою түстерден тұрады.

Алдымен Қарындаш ашық түсті торкөзді салды.

Қою түсті торкөзді – жанына салды.

– Бұл шахмат жолдары, –деп түсіндірді Дымбілмес.

– Ашық түсті торкөздер – ақ жолақта. Қою түсті торкөздер – қара жолақта.

Бұл солай, бауырларым.

Ашық түсті және қою түсті торкөздері және жолақтарға жан бітіп қозғалып олар күле бастады.

Содан кейін олар бір–біріне қарап томсырайды.

Бір–бірін итеріп, әр жаққа қарай қаша бастады.

– Жолақтар, тоқтаңыздар! – деп Қарындаш айқай салды. – Мен әлі шахмат тақтасын салып бітірген жоқпын.

Ақ және қара жолақтарды Қарындаш тез–тез сала бастады. Бірақ, ол үлгеріп салып аяқтағанына қарамастан, бұлар да әр жаққа қарай қаша бастады.

Қарындаш қанша торкөздері керек болса, сонша салды, шаршадым деп үн қатты көңілді адамдарға:

– Болды, енді ұстаңыздар оларды!

Көңілді адамдар айқай-шумен тентек торкөздер-жолақтарды арттарынан қуа бастады.

Бірақ жолақтар Буротиноның тұмсығының астынан ұстатпай, Чиполлиноның қолынан сырғып шығып, Дымбілместің екі аяғынның арасынан өте шықты. Бәрібір барлық торкөздер ұсталынды, бірақ бір қатарға қара жолақтар мен ақ жолақтар бірге тұрудан бас тартты.

– Олар өте қап–қара, – деді, қырсығып ақ жолақтар.

– Олар өте ап–ашық, – деді, бұрқылдап қара жолақтар.

Сол кезде Ақ Король ашуланып, түнеріп булықты, Қара Король ашуланып бозарды, екі Король да бір дауыспен бұйрық беріп қорқытты:

– Егер, қазір, өз орындарына тұрмасаңдар, біз басқа шахмат тақтасын тауып аламыз, ал сендермен ешкім ойын ойнамайтын болады.

Ақ және қара жолақтар қорқып, бір–бірін қапсыра қатты құшақтады, сол кезде шахмат тақтасы пайда болды. Дымбілмес шахмат тақтасының бір

жағына шығып, ал қалған көңілді адамдар шахмат тақтасының келесі жағына орналасып отырды.

– Қазір, біз сіздермен қарсыласпыз, бауырларым. Ойыншы - шахмат ойынын қарсылас болып ойнады. Менде ақ түсті оң жақ жолақ, – демек, шахмат тақтасы арамызда дұрыс тұр.

Сол кезде жолақтардың іші пысты, бір–бірін қапсырып құшақтап тұрудан, олар қайтадан бұрыш–бұрышқа қаша жөнелді. Көңілді адамдарға қайтадан жұмыс табылды тентек жолақтарды қуып ұстауға.

Қосымша 3

### **ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Өткен материалдарды пысықтау үшін балаларға арналған тапсырмалар:

– екі түрлі түсті кубикты шахмат тақтасына қойып, ақшыл және қою түсті кубиктарды кезектесіп орналастыру;

– асфальт үстіне бормен шахмат тақтасының үлгісін сызу;

– шахмат тақтасынан басқа, шахмат тақтасындай тәртіппен орналасқан торкөздер қайда болатынын еске түсіру;

– шақпақ дәптердің жарты бетін, шахмат тақтасы тәрізді бояу (қоңыр және сары қарындашпен немесе толық қарамен);

– Өздеріңіздің және қуыршақтар алдындағы шахмат тақтасын дұрыс орналастырып қою.

Балаларға шахматтық тақтаның төрттік жолақтары - ОРТАНЫ көрсету.

Шахмат ойынының қарсыластарын басқадай ӘРІПТЕСТЕР деп атайтынын түсіндіру.

## «ЕР ЖҮРЕК ПЕШКІ» АТТЫ I ШАХМАТТЫҚ ТУРНИРИНІҢ ӨТКІЗІЛУ СЦЕНАРИИ

**Турнирге қатысушылар:** балалар, көрермендер - ата-аналар мен тәрбиешілер.

**Мақсаты:** шахмат ойыны барысында икемділігі мен ойлау әрекетін, ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын дамыту.

**Қажетті атрибуттар:** шахмат кілемшесі, магнитті шахматтық тақта, тәж бейнесіндегі шахмат фигуралары (36 фигура, 8 артық тәж пешкілері), ашық түсті ойыншықтар, музыкалық аппараттар, 2 микрофон.

### **1-жүргізуші:**

Құрметті қонақтар мен көрермендер! Біз сіздерді балабақшамыздың бірінші шахматтық турнирінде көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін сіздер «Біздің шахматтық корольдігімізде» қойылымын тамашалайсыздар. Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Қойылымымызды бастаймыз.

Турниріміздің қатысушыларын ортаға шақырайық.

*Әуен ойнайды. Балалар залға кіреді, 1-ші жүргізуші балаларды таныстырып болған соң балалар өз орындарына отырады. Әрқайсысының басында шахматтық фигуралар.*

### **1-жүргізуші:**

Біздің планетамыздың барлық бұрышында шахмат ойынын біледі және жақсы көреді. Алдымен ол данышпандардың және билеушілердің таңдаулы ойыны болып саналған, бірақ біртіндеп барлығының жүрегі мен ақылын жаулап алған. Ал бұл ойын көп ғасырлар бұрын өте алыс, сыры шертілмеген Индия елінен келген.

Сен менің досымсың, қауіпсізсің,

Қысылмастан кіріс,

Тамаша ертегілер әлеміндегідей

Осы өлке ақ-қара

**1-жүргізуші:** *Әлем чемпионын ( Асаубаева Бибисара) таныстырады, ол өзі туралы, өзінің марапаттары туралы (марапаттарын балаларға көрсетеді) айтады, балалардың сұрақтарына жауап береді.*

**2-жүргізуші:** Біздің кішкентай қойылымымызды бастамас бұрын, біз сіздерге шахмат туралы жұмбақтарды жасырамыз. Сонымен, жұмбақтар!

1. Кішкентай, аласа, барлық өрісды жүріп өткен және пішінді тапқан...  
(Пешка)

2. Бір рет өледі, ал екі рет туылады. (Пешка)

Құрметті пешкалар, шахмат кілемшесіне өтіңіздер және өз орындарыңызға орналасыңыздар.

*Пешкалар кілемшедегі өз орындарына орналасты.*

**2-жүргізуші:** Ал енді мына жұмбақтың жауабын тауып көріңіздер.

Ең шетінде тұрамын,

Мені ашшын-жақындайын,

Тек түзу жүремін,

Атымның кім екенін айтпаймын. (Ладья).

Құрметті ладья! Өз орныңызға орналасыңыз.

*Кілемшеге екі Ладья шығып өз орындарына орналасады.*

**1-жүргізуші:**

Аң көрмесінде тұрмайды,

Базарлықтарды алмайды,

Ол қиғаштай жүреді,

Тұмсықпен ол жүргізеді. (Піл).

**1-жүргізуші:** Ал енді мынадай жұмбақты шешіңіздер?

Екі ағайынды бір әскерде қызмет етеді,

Ал кездесе алмайды.

*(Қараланған және ағарған пілдер).*

Сендер де, арғы жақтарыңдағы қонақтар да, өз орындарыңа орналасыңдар.

*Пілдер өздерінің орындарына орналасады.*

**2-жүргізуші:** *Тұяқтың дүрсілдеген дыбысы.*

Естисіңдер ме, асыр-тасыр тынбайды.

Ол кім? (балалар жауап береді)

Дұрыс!

Ат секіреді, тағалардың дыбысы!

Әрбір қадамы ерекше:

Олай да, бұлай да «Г» әріпі

Ирек пайда болады.

Аттардың тағалары

Өзгеше және күлкілі:

Жасырынып тұрған сияқты

Арқасымен секіреді.

- Аттар өз орындарыңа орналасыңдар

**1-жүргізуші:** Басты фигура жоқ.

Әуен қосылады (баяу). Пешкалар корльдің шлейфін ұстап алып келеді.

Хан әскерінде дайын бол-

Ол ханды қорғау керек.  
Егер хан қамқорсыз өлсе  
Фигуралар күресті жалғастыра алмас еді!

**2-жүргізуші:** Есінде болсын, Король барлығынан басты, барлығынан маңызды,

Шахматтың қосында болу- көсемдерге маңызды!

Жылдам музыка қосылады.

Корольдің оң және сол жағында тұрған барлық фигуралар иіліп тағзым жасап өз торларына орналасады.

Ал ханның досы және қарауылы кім ғой? (Ферзь)

**1-жүргізуші:** Ферзьдің қадамы өте үлкен  
Ферзь, Ладья және Піл сияқты жүре алады.

Түзу және қиғаштап,

Оңға, солға, алдыға және артқа...

Ал мен алысқа және тірекке ұрамын.

Ақ-қара қарапайым тақталар

Маған тар сияқты

Пешкалар (барлығы, Ферзь үшін қарады):

Жақында және алыста Ферзь өте қауіпті

Сен неғұрлым оған көңіл аудар!

*Ферзь өзінің орнына тұрады.*

**1-жүргізуші:** Міне, енді барлық шахмат фигуралары келді,

Біз шахмат шайқасын бастай аламыз.

**2-жүргізуші:** Сонымен, ақ жасақ, қара жасақ —

Бір-біріне қарама-қарсы екі әскер тұр.

Бір жасақта қатал тәртіп,

Екіншісінде де дәл осылай.

Әрбір жасақты сен өзің қара-

Екеуінің де бұрыштарына Ладья орналасқан.

Ладьямен қатар Аттар тұр,

Аттар мен қатар Пілдер тұр,

Ортасында кім екен?

Ферзь Корольмен бірге-

Ең бастысы өзінің әскерінде.

Ладья мен Аттың алдында:

Пілдің, Корольдің және Ферзьдің алдында... Пешкілер

Бала пешкалар қабырға бойымен тұрды

Бізге осы ертегінің ұрысын бастау үшін!

Балалар, әзірге өз орындарыңа орналасыңдар.

*Балалар өз орындарына орналасады.*

**II. Балалармен бірге ойын.** Фигуралар сөреде, мольбертте, магнитті шахмат тақтасында тұр. Жарыс екі команда арасында өтеді.

Мектепалды даярлық және ересек топ балалары 16 адамнан екі топқа бөлінеді (бастарында шахмат бейнесіндегі фигуралар), ортаңғы топ және жаңадан келген балалар көрермен болып отырады.

Жүргізушінің тапсырмасы:

1) Қазір команданың әрбір баласы (есімі бойынша) кезекпен тақтаға жақындайды және өздерінің тәждеріндегі фигураны таңдап оны қажетті орнына қояды.

2) Шахмат фигураларының жүрісі туралы сұрақтар (білім деңгейлерін ескере отырып, әрқайсысына кезекпен 2 сұрақтан қойылады).

*Балалар көрермен болып отырады.*

**III.** Мектепалды даярлық және ересек топ балалары 5 адамнан кезекпен үстелге жақындап жеңімпазбен ойнайды. Бұл кезде екінші жүргізуші ортаңғы топ және жаңадан келген балалармен ойын өткізеді.

Ортаңғы топ және жаңадан келген балалармен бірге ойын басталады.

1) Сиқырлы дорбаша. (Балалар көздерін жұмып ұстаған фигураларының атын атап, ол туралы не білетіндігі туралы айтады)

2) Шахмат кілемшесіндегі ойын (торда ойыншық тұр, және осы ойыншықты жей алатын фигуралардың жүрісін көрсету керек).

3) Шахмат кілемшесінде фигуралардың жүрісін көрсету. (жүргізуші фигураны атайды)

**IV. Музыкалық нөмір**

**V.** Ойынның қорытындысы және марапаттау бойынша төрешілерге сөз беріледі.

*Шахмат турниріне қатысқандары үшін барлық балалар марапатталады*

**VI.** Балалардың ата-аналарымен әңгімелесу және ұсыныс.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Сухин И. Г.* «Тек кішкентайларға арналған шахмат» ата-аналар мен балалардың бірігіп оқуына арналған ертегі кітаптар. – Москва, 2013ж.
2. *Селиванов А.В.* Яков Владимировтың гроссмейстердің таңдаулы тапсырмалар жинағы.
3. *Дэвид Притчард.* Үйренушілерге арналған шахмат оқулығы.

## МАЗМҰНЫ

1.	Түсіндірме жазба .....	3
2.	Жалпы ереже .....	5
3.	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері мен әдіскерлерін шахмат ойынының теориясы мен практикасының негіздеріне даярлауға арналған әдістемелік ұсыныстар .....	7
4.	5-6 жастағы балаларды шахмат ойнау практикасы мен теориясына үйрету мен дайындаудың әдістемелік ұсыныстары .....	10
5.	Перспективалық жоспар ( <i>ересек топ</i> ) <i>Оқудың алғашқы жылы</i> .....	11
6.	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар ( <i>ересек топ</i> ) <i>Оқудың алғашқы жылы</i> .....	12
7.	Қосымша 1. Дидактикалық ойындар .....	20
8.	Қосымша 2. Таңғажайып торкөздер .....	23
9.	Қосымша 3. Әдістемелік нұсқаулар .....	24
10.	Қосымша 4. «Ер жүрек пешкі» I шахмат турнирінің өткізлу сценаріі .....	25
11.	Қолданылған әдебиеттер .....	29
12.	Мазмұны .....	30